

## Ф.ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Исламова Амина Салауатқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 2 курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан  
Республикасы

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.-Аяпова Г.Б.

Қазақ балалар лирикасының өткен ғасырдың 70-жылдарында ұлттық мәселелерге байланысты биліктің қатаң көзқарасы жылымық тартты. Бұндай сипатқа келуіне 50-жылдарда қабылданған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» атты қаулысының да маңызы болды. Бұл балалар лирикасына да айтарлықтай әсер етті. Кеңес одағындағы әдебиетті жаңаша көзқараспен зерттеуді ғалымдарымыз бүгінгі күннің өзектілігі деп тануда. Бұл тарула академик С.Қирабаев: «Жаңаша зерттеуді талап еткен кезеңінің бірі - кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Әдебиет тарихында елеулі із қалдырған, ұлттық әдебиет кең дамыған, оның жанрлары жетіліп өскен, үздік табыстары шет елге танылған бұл дәуірдің әдебиеті өмір сүрген заманның қайшылықты сипаттарын да бойына сіңірген еді» [1,45].

Жоғарыда аталған кезеңдегі қазақ балалар лирикасының жанрлық жағынан дамуына ерекше үлес қосқан ақындарымыздың бірі - Фариза Оңғарсынова. Ақынның балалар шығармашылығына арнаған туындыларын жанрлық ерекшелігіне орай үш түрге бөлуге болады.

1. Балаларға арнаған өлеңдері
2. Балаларға арнаған өсиет, нақыл сөздері
3. Аудармалары.

Алғашқы топтағы «балаларға арналған өлеңдерінің» дені өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап жазыла бастаған. Ақынның балалар әдебиетін дамытудағы қолтаңбасына қарап, жолы өзгеше екендігін байқадық. Тек балаларға арналған өлеңдер жазып қана қоймай, басты идеяны оқу, тәрбиелеу мәселесіне артқанын аңғардық.

Ақынның балаларға арнаған шығармаларын мындай тақырыптарға бөліп қарастырдық.

1. Ата-ана, туысқандарға арнаған өлеңдері
2. Оқу, білім тақырыбындағы өлеңдері
3. Мамандыққа қатысты өлеңдері
4. Жан-жануарларға арнаған өлеңдері.

Алғашқы тақырыпқа байланысты өлеңдеріне тоқталайық. Бұл орайда жазылған алғашқы өлеңдерінің бірі – «Ақ мамам».

«Еркелесем, күлімдейтін,  
Ұрысқаны білінбейтін.  
Маңдайымнан иіскеп менің  
«Құлыншағым, күнім!» - дейтін.

Әлемдегі ақылды адам,  
Бәрінен сол жақын маған!  
Ол жанымда жүрсе мен де  
Батырларша батылданам.

Жамандықтан сақтандырып,  
Жақсы ісімді мақтан қылып,  
Ақ мамамды мен әрқашан  
Жүрсем деймін шаттандырып» [2,75].

Ақынның анаға деген өлеңі баланың атынан бірінші жақтан баяндалады. Өлеңде баланың анасына деген мөлдір сезімі, балалық махаббаты ерекше берілген. Оқыған сәтте бірден ананды еске алып, өзін де бала болып, ерекелеп кеткің келетіні де рас. Анасын бала әлемдегі ең ақылды адамға теңейді. Тіпті анасы қасында жүрсе, ержүрек болып, батылданып кететінін де жасырмай ашық айтады. Өлең үш шумақтан тұрады. Біз өлеңді толық берген себебіміз, ой үш шумақта рет-ретімен жалғасып келеді. Сол ойды бұзғымыз келмеді. Алғашқы шумақта анасына ерекелеп тұрған баланы көрсек, екінші шумақтан әлемдегі ең ақылды адам деген теңеу арқылы ананың құдіретін сезіндік. Ал үшінші шумақтан анасына деген құрметін бәрінен де жоғары қойып, өзін жақсы жағынан көрсеткісі келетін сәбидің адал көңілін байқауға болады.

Осы тақырыптағы «Ананың әлдиі» өлеңі халық ауыз әдебиеті дәстүріндегі «Бесік жыры» шығармасымен үндеседі.

«Мамық төсек салайын,  
Құшағыма алайын.  
Қозым менің ұйықтасын,  
Арқасынан қағайын» [2,61].

деп басталған өлең шумақтары анасының ертегі жырымен жалғасып, баланың қиялын дамытуымен ерекшеленеді. Өлеңдегі көркемдегіш құралдардың ең бастысы – бір ырғақта, қара өлең ұйқасымен келуі. Ауыз әдебиеті дәстүрінде – қозы, бота, құлыншақ атты үй хайуанаттарымен де таныстырып, «Төрт түлік мал туралы» да баланы хабардар етеді.

«Ай арбамен жетіпті,  
Күн ұйқыға кетіпті.  
Жұлдыз кіріп кетер деп,  
Қақпаларын бекітті» [2,61],

деген шумақта баланы аспан денелерімен таныстырып өтеді. Ай, Күн, Жұлдыз. Ай келгенде Күннің батуы, Күн күндіз атты ауласына жұлдыз кіріп кетпесін деп, қақпаларын дауып алуы баланы қызықтырып, кейіптеу көркемдегіш құралдарымен беруі баланы әдеби-теориялық талдауға да шақыратынын байқаймыз.

«Ормандар да қалғыды,  
Қорғандар да қалғыды.  
Сен де ұйықтап қала ғой,  
Анасының жан нұры» [2,61],

Аспан денелерінен кейін жер бетіне шығып орман, қорғандардың да ұйқыға батқанын, көк те, жер де ұйықтады, енді бізде ұйықтауымыз керек деген ананың әлдиі елдегі бейбіт өмірден де хабар бергендей. Жер бетінде ананың әлдиіне жететін жыр жоқ. Ананың әлдиі – тыныштыққа, бейбітшілікке, мейірімділікке шақыратын бүкіл жыр атауылының биігі.

Фольклорымызда шоғырланған балаларға қатысты өлеңдер қазақ ғалымдарының сараптауына орай түрліше талқыланды. Бұлар кбіне көп баланың жасына, пайымына қарай сатылап көрінеді. Ересектердің баяндауымен айтылатын бесік жыры, мәпелеу жыры секілді жырларды Б.Уахатов «ата-аналар шығарып орындайтын өлеңдер тобы» [3],- деп, ғалым Ш.Ыбыраев «сәбилерге арналған салт өлеңдері» [4],- десе, К.Матыжанов өзінің қазақтың отбасылық ғұрыптық фольклорына қатысты еңбегінде «әлпештеу поэзиясы» [5],- дейтін тұжырым ұсынады.

Отбасы тақырыбындағы өлеңдерінде әжеге арнаған «Әженің жыры» да кездеседі.

«Асқаржанның баласы,  
Айдай жігіт осы екен.  
Жақсылармен дос екен,  
Жамандыққа өш екен.  
Көңілі жарқын қош екен,  
Асқарбектің қарағы,  
Гүлнарының жанары,

Қайдан іздеп табады  
Мұндай жақсы баланы [2,60],

Әженің айтқан жыры да жоғарыдағы ана жырына ұқсас. Екеуі де баланы ұйықтатуға арналған. Бірақ, әжеінің айтқаны реалдылыққа жақындау. Мұнда әке-шешесінің есімдері аталады, жақсы және жаман әдеби контраст сипатында бала жақсы және қарама-қарсы қасиеттері санамалап беріледі. Жақсылармен дос болу қажеттігін, керісінше, жамандыққа өш болуды екі қайтара антонимдік қатар қою арқылы тәрбиелеуге ұмтылады. Осы өлеңге жауап ретінде баланың атына беретін өлеңі бар ақынның, ол «Әже» деп аталады.

«Тентек болсам, ашынып,  
Жақсы іс қылсам, асырып.  
Маған сақтап жүреді,  
Тәттіні де жасырып.

Мен ұйықтарда айтады  
Ертегісін, әндерін.  
Біздің үйде осындай,  
Әжетайым бар менің! [2,76],

Өлең жоғарыдағы «Әженің жыры» өлеңіне риторикалық сұрай арнау формасындағы жауап ретінде берілген сынды. Өлеңнің алғашқы шумағы әже деген кім деген сұраққа жауап береді. Ол тентек болсаң да ренжімейді, тәттісі көп. Әйтеуір бір кең құшақты жан деген емеурінін сезесің немеренің. Ал екінші шумақта әженің айтары ертегісі, әндері де жетерлік. Өлең қысқа болса да, әже деген туыстық атаудың мән-маңызын айқындап көрсетіп тұр.

Келесі туысқандық сипатындағы өлеңі Ф.Оңғарсынованың атаға арналыпты. «Менің атам».

«Атам менің жақсы адам,  
Ешкім одан аспаған.  
Фашистермен соғысып,  
Оң аяғы ақсаған.

Көп айтпайды ол өткенін,  
Қанын қалай төккенін.  
Бірақ әжем сақтаған,  
Ордені оның көп керім.

Сол соғыста мына мен  
Болсам, жауаға шығар ем  
Ақсақ қылған атамды,  
Дұшпандарды қырап ем! [2,77],

Немересінің атасына айтар тәтті тілегі алдымен атасымен таныстырып алады. Ол – соғыс ардагері. Оң аяғымен ақсайды. Ордені де көп. Бірақ соғыс қасіретін атасын айтпайды. Себебі, бейбіт өмір біренен де қымбат. Бірақ немересінің ел қорғауға деген жалынды үмітін атасының ерен, батыр бейнесі биіктетіп көрсетеді. Өлең баяндау формасында берілген. Үшінші жақта, яғни немересінің атымен берілген. Халықтың басынан өкен ауыр жағдай, Ұлы Отан соғысы, оның қасіреті, жеңіске жету, атаға деген құрмет – міне, өлең композициясының жоспарлы айтары да осы. Өлең қара өлең ұйқасында берілген.

Туысқандық тақырыбына жазылған өлеңдер үйдегі ата, әже, ана, әпке, ағаларына арналып шығарылған. Ф.Оңғарсынова әкесінен жастайынан айырылғасын ба, әке туралы толғаныстарын балалар әдебиетіне енгізбеген. Дегенмен, туысқандық тақырыбындағы өлеңдердің алдымен тәрбиелік мәні алдымен отбасы мүшелерімен түгел таныстыруы, екіншіден, сол отбасы мүшелеріне баланың берген бағасы ретінде берілген өлеңдер. Тақырыпқа сай берілген өлеңдер 7-8 буынды, екі бунақты, қара өлең және кезекті ұйқаста

келеді. Көркемдегіш құралдар көбіне анаға емірену, ата мен әжеге еркелеу, аға мен әпкеге құрметпен қарау сипатында келеді. «1960-80-жылдары қазақ балалар поэзиясы жанры жағынан және мазмұн сипатында өзінше түрленіп, жаңа бір белеске көтерілді. Атап айтқанда, бұл кезеңдегі өлеңдерде баланың характерін ашатын әдеби әдіс-тәсілдер де молайып, бала атынан жауап ретінде шығармалар көбейді» [1,32], деген зерттеушінің пікірі біз қарастырған Ф.Оңғарсынованың өлеңдеріне сәйес келеді.

Келесі тақырып – оқу, білім тақырыбындағы өлеңдеріне тоқталсақ, ақынның бұл тақырыптағы өлеңдерінің маңызы ерекше болып келеді. Себебі, ақын қазақ фонетикасындағы 42 әріптің бәрін өлеңмен сипаттап шығыпты. Әр әріпке дыбыстық жағынан мағына жүктеп, әр әріптің маңызын көрсете білген. «Әріптер» тақырыбындағы өлеңдер шеруін «А» әрпі бастапты.

«Толқыны өбіп жағаны,  
Өзен баяу ағады.  
Айдынында қалықтап,  
**Аққу** жүзіп барады.

Гүл – қорегі, тамағы,  
Білесің бе **араны?**  
Жолай көрме жанына –  
Жақындасаң шағады» [2,16].

Өлең баяндау формасында берілген. 7-8 буынды, екі бунақты, қара өлең ұйқасында беріліп тұр. Алдыңғы шумақта А-дан басталатын «Аққу» сөзін беру үшін, өзен, оның ағысын, аққу құстың сызылып, еркелеп жүзетініе орай, өзенді жәймен ағатын сипатта беріп, ішкі байланысты ретке келтіріп тұр. Шумақтың соңғы тармақтары – ассонанс формасында келген.

«Ассонанс (лат. үйлесім) - тармақ басында дауысты дыбыстардың қайталануы» [38,78], Екінші шумақта «Ара» жәндіктің атауын беріп, оның қорегі туралы мәлімет береді, яғни араның қорегі гүлде, бірақ әсем гүлдің жанында жүретін ара адамға қауіптірек деген мағынаы үстейді. Ал бұл шумақта керісінше, аллитерация кездеседі. «Жолай көрме жанына, Жақындасаң шағады». «Аллитерация дегеніміз – (лат. «дыбыстық») – тармақ басында дауыссыз дыбыстардың қайталануы. Мысалы, «Ж» дыбысының қайталануы».

Келесі «О» дыбысына тоқталайық.

«Қамқор болып **орманға**,  
Ағаштарын қорғандар.  
Жақсы азамат болмайды,  
Көк **орманды** орғандар» [2,28],

«О» дыбысын беру арқылы орман уралы мәлімет береді, содан соң табиғатты қорғауға орын беріліп, табиғаттың маңызы туралы мағлұмат береді. Яғни, «Табиғат-біздің досымыз» деген ұғымның мәнін де аша кеткен.

Дауысты дыбыстар әлеміне келсек, «Д» дыбысына арнаған шумағында:

«**Дуадақ** құс далада,  
Жоламайды қалаға.  
**Дельфин** жүзер теңізде,  
Ол теңізбен егіз бе?» [2,21],

немесе «Ғ» дыбысына да тоқтала кетейік:

«**Ғарыш** деген – көк аспан,  
Ай, жұлдызы жарасқан.  
Мен **ғарышкер** боламын,  
Айға барып қонамын» [2,28].

Екі шумақпен берілген дауысты дыбыстар ерекшелігі баланы тек әріпті таныстырып қоймай, жаңа бір ұғыммен таныстырады. Алдыңғы шумақта «дуадақ» атты құспен және «дельфин» жануарымен, оның теңізде жүзетіні туралы мәлімет берген. Ал «ғ» дыбысын

танытуда ғарыш әлемі туралы, ай, жұлдыз, туралы танымдық мәлімет берсе, келесі тармақтарында ғарышты зерттейтін ғарышкер туралы және мамандық атауы туралы ой айтылған. Аталған әріпті түсіндіргенде, ғарыш-кер яғни ғарыш сөзінен, сол ғарышты зерттейтін ғарышкер деген зат есімнен зат есім жасалып, мамандық атауының шыққанын түсіндіріп кетуге болады.

Біз орыс тілінде қолданылатын әріптерге қандай мағына үстеді екен деп, қарастырғанда, «Ц» дыбысына цирк сөзін алып, клоунмен байланыстырғанын, ал «Ч» әрпіне

«Біздер мақтан етеміз  
Боксшы ағам Оралды.  
Қарсы алдық кеше біз –  
**Чемпион** боп оралды» [2,47].

Шумақтың алдыңғы екі тармағында «Орал» есімді боксшымен таныстырса, соңғы тармақта ол «оралды» деп іс-қимыл амалды білдіретін етістікке айналған.

Жалпы, Ф.Оңғарсынованың «Әріптер» атты дыбыстарды балаларды таныстырудағы өлеңдер циклының өзіндік ерекшелігі бар. Алдымен, қазақ тіліндегі дыбыстарға танымдық сипатта баға берген, екіншіден әр дыбысты өткенде жаңаша атаулармен танысады оқушылар, үшіншіден Қазақ тілі сабағында талдауға пайдалануға болады. Осындай ерекшеліктеріне қарап, ақынның мұндай әріптер сырын танытуға арналған өлеңі өзіндік қырымен беруі ерекшеліндіреді және өзге ақындар да кездеспейді.

Қорыта келгенде, Ф.Оңғарсынованың балалар лирикасына арнап жазған өлеңдерінің ең алдымен балаға түсінікті, сөздік қорын байытатын, тез жаттап алуына икемді болып келуімен ерекшеленеді.

Екіншіден, көркем тілдің ең жақсы үлгілерін оқып үйрену оқушылардың жалпы мәдениеттегіліні арттырады. Олардың сөйлеу дағдыларын, жазу мәдениетін жетілдіреді, ана тілінің заңдары, оның сөз байлығы т.б. жөнінде білімдерін тереңдете түседі.

Үшіншіден, әдеби шығарманың өзіндік стилі мен тілін түсіну – оның идеясы образын берудегі сөз көркемдігінің ерекшелігіне көңіл қою. Бұл әдеби шығарманың мазмұнын терең түсінуге, оның тарихи маңызын жан-жақты қарауға көмектеседі.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қирабаев С. Қазақ балалар поэзиясы. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2007. Т.2. -416
2. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы Ү том. Алматы: Сардар баспа үйі, 2015.-320.
3. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері Алматы: Жалын, 1974.-386.
4. Ыбыраев Ш. Эос әлемі Алматы: Ғылым, 1993.-296.
5. Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: ф.ғ.д...дисс 10.01.09.-Алматы, 2004.-264.